

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 1 ақпандағы N 150 қаулысына толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы. 2002 жылғы 21 желтоқсан N 150а

"Бюджет жүйесі туралы" Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 1 сәуірдегі Заңына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар жөніндегі агенттігінің республикалық бюджеттік бағдарламаларының 2002 жылға арналған паспорттарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 1 ақпандағы N 150 қаулысына мынадай толықтырулар енгізілсін:
көрсетілген қаулымен бекітілген 17-қосымшада:

"Бюджеттік бағдарламаның міндеттері" деген 5-тармақтағы "аумақтық органдарды ұйымдастыру техникалармен" деген сөздерден кейін ", жиһазбен және тұрмыстық техникамен" деген сөздермен толықтырылсын;

"Бюджеттік бағдарламаны жүзеге асырудың іс-шаралар жоспары" деген 6-тармақтың кестесіндегі "Бағдарламаны (кіші бағдарламаны) жүзеге асыру жөніндегі іс-шаралар" деген 5-баған "21 дана факс" деген сөздерден кейін "1 дана көбейту-сызу аппаратын, 5 дана көшіру-көбейту аппаратын, 38 дана факсимильдік аппарат, 18 дана кондиционер, 43 дана шкаф, 11 дана үстел, 10 дана орындық, 15 дана офистік жиһаздар жинағын, 7 дана жұмсақ жиһаз жинағын" деген сөздермен толықтырылсын;

"Бюджеттік бағдарламаның орындалуынан күтілетін нәтижелер" деген 7-тармақтағы "аумақтық бөлімшелерді ұйымдастыру техникаларымен" деген сөздер "аумақтық органдарды ұйымдастыру техникаларымен, жиһазбен және тұрмыстық техникамен" деген сөздермен ауыстырылсын, әрі қарай мәтін бойынша.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі